

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 562 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 шілде N 920. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Мемлекеттік мүлікті сату жөнінде саудаластық өткізуге байланысты қызметті реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 562 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы., 1996 ж., N 19, 166-бап) бекітілген Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі ережеге мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақтың екінші абзацында:

"үшінші" деген сөз "екінші" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 22 ақпандағы N 60 қаулысымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 11 наурыздағы тіркелу N 158) бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату бойынша аукциондар ұйымдастыру мен өткізу туралы ережеге" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті өз құзыреті шегінде қабылдаған саудаластықта жекешелендіру объектілерін сатуды реттейтін нормативтік актілерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "тәуелсіз аудиттің" деген сөздердің алдына "консалтингтік ұйымдар немесе" деген сөздер қосылсын;

"Аукционда сату кезінде шаруашылық серіктестерінің жарғылық қорларындағы акциялардың мемлекеттік пакеттері және үлестерін бағалау" деген

І І І б ө л і м д е :

атауындағы "және үлестерін" деген сөздер алынып тасталсын және "Аукционда" деген сөз "Саудаластықта" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-2-бөлімшелердің атауларындағы "(үлесінің)" және "үлесі" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

11-тармақтың төртінші абзацындағы, 14-тармақтың бесінші абзацындағы және 26-тармақтың сегізінші абзацындағы "негізгі қорлардың тозуын алып тастағандағы" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік

комитеті бір ай мерзім ішінде шаруашылық серіктестерінің үлесін бағалау әдістемесін әзірлесін және Жекешелендірілетін объектілердің құнын бағалау жөніндегі ережеге толықтыру енгізсін.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*орынбасары*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК